

Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің 1999 жылғы 14 желтоқсандағы N 630 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі тергеу изоляторларының ішкі тәртіп ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 29 қазандағы N 769 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 14 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 1700. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 15 тамыздағы № 810 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 15.08.2016 № 810 бұйрығымен.**

Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзет қамауында ұстау мәселелерін реттеу мақсатында

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі тергеу изоляторларының ішкі тәртіп ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің 1999 жылғы 14 желтоқсандағы N 630 V991026\_ бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:  
осы бұйрықпен бекітілген Ережелерде:

1) "күзет қамауына алынған адамдар" деген сөздер Ережелердің барлық мәтіні бойынша "сезіктілер мен айыпталушылар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-тармақтың бесінші абзацындағы екінші сөйлемде "сотталғандарды ұстау тәртібі" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару Z970208\_ кодексімен және" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 7 - т а р м а қ т а ғ ы :

"Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің төрағасы" деген сөздер "Күзет қамауында ұстау орындары департаментінің бастығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қылмыстық-атқару жүйесі басқармасының (бөлімінің)" деген сөздер "Күзет

камауында ұстау орындары басқармасының, бөлімінің, бөлімшелерінің, топтарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 21-тармақтың үшінші сөйлемінде "санитарлық тазарудан өткеннен" деген сөздерден кейін "және медициналық куәландыру нәтижелерін алғаннан" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 28-тармақтың бірінші сөйлеміндегі "камераларда ұсталады" деген сөздерден кейін "(16-қосымша)" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 140, 142, 143-тармақтарындағы "Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің" деген сөздер "азаматтардың денсаулығын сақтау саласында жетекшілік ететін уәкілетті орталық атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) Ережелер мынадай мазмұндағы N 16 қосымшамен толықтырылсын:  
"Жалпы камералардың сипаттамасы.

Сезіктілер мен айыпталушылар ұсталатын камералар құрылымының сыртқы қоршаған ортадан және аралас үй-жайлардан сенімді оқшаулануы қамтамасыз етілуі тиіс. Камералардың жоспарлы нысаны оларды есіктегі "көзшеден" шолудың ыңғайлы болуын қамтамасыз етуі керек.

Камераларда көлемі 90x200 сантиметр (бұдан әрі - см.) қосарлы есіктердің болуы ескерілуі тиіс. Еденнен 95 сантиметр биіктік деңгейде тамақ таратуға арналған 18x22 см. терезе орнатылады. Жалпы камераларды габариті 1,88x0,65 метр екі қатарлы төсектермен, үстелдің ені және ағаш орындықтардың ұзындығы әр адамға 0,4 метрден келетін етіп, киім ілу үшін жасалған орынға ұзынынан бір метрге 5 орыннан келетін етіп жабдықтау қажет. Бұл орындарды еденнен төбеге дейін жасап, 0,7 метр деңгейінде және 2,3 метр тақтайдан жасалған, металл рамкада бекітілген екі сөремен бөлінуі тиіс. Камералардағы барлық құралдар еденге бекітілуі керек.

Әр камерада қол жуғыштан және дәреталғыштан тұратын санитарлық желі (су ағызғыш ыдысы жоқ) жабдыкталады. Су ағызғыш ыдыстардың орнатылуы мүмкін, бірақ оны монтаждау дәлізде (мүмкіндігі бойынша киім ілу үшін жасалған орында) орындалады, ал суды ағызып жіберетін құралдар кнопкалы қондырғы түрінде камераға шығарылады. Санитарлық желі шымылдық қоршаумен бөлінеді.

Терезенің ішкі жағынан қабырғадан 25-30 см. дөңесі бар, терезе ойығына жетуді шектейтін темір тор орнатылады. Барлық камераларда сырланған тақтай едендер салынады."

2. Астана қаласы ІІБ-нің, Алматы қаласы ІІББ-нің, облыстардағы және көліктегі ІІББ-ІІБ-нің бастықтары:

1) тергеу изоляторлары жеке құрамының осы бұйрықпен бекітілген Ішкі тәртіп ережелеріне өзгерістер мен толықтыруларды оқып-үйренуін

ұйымдастырсын және тергеу изоляторларының жұмысын олардың талаптарына  
с ә й к е с қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) сезіктілер мен айыпталушыларға Ішкі тәртіп ережелеріндегі оларға

катысты бөліктерде бекітілген өзгерістер мен толықтырулар туралы кеңінен  
ақпарат беру шараларын қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі  
істер вице-министрі ішкі қызмет генерал-майоры Н.А.Власовқа, Қазақстан  
Республикасы Ішкі істер министрінің Күзет қамауында ұстау орындары департаментіне  
(М.М. Баймұхамбетов) жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді және  
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде міндетті мемлекеттік  
тіркеуге жатады.

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі  
генерал-майор  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының орынбасары

2001 ж. 29 қазан

Мамандар:

Омарбекова А.Т.  
Икебаева Ә.Ж.

Мамандар:

Омарбекова А.Т.  
Икебаева Ә.Ж.